

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 232 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 27 наурыздағы № 237 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 29 наурызда № 32150 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 232 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20742 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери инфрақұрылым бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зан департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

P. Жаксылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2023 жылғы 27 наурыздағы
№ 237 Бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы 26 мамырдағы
№ 232 бұйрығымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аудандық пайдалану бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

3. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) көрсетілетін қызметті беруші тұрғын үй бөлімінің (бөлімшесінің) жауапты орындаушысы – тұрғын үй комиссиясының хатшысы;

2) тұрғын үй комиссиясы – әскери қызметшілерді қызметтік тұрғын үйге мұқтаж деп тану мәселелерін және тұрғын үй қатынастары бойынша басқа да мәселелерді қарау үшін тиісті гаризон бастығының бұйрығымен құрылатын комиссия.

2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған не ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баянатпен өтініш жасайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың

тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген мәліметтер (бұдан әрі – Тізбе) Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі Тізбенің 9-тармағында айқындалған.

5. Көрсетілетін қызметті беруші тұрғын үй бөлімінің (бөлімшесінің) жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге баяннattyң қабылданғаны туралы белгіні жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші баяннattyң қабылдаудан бас тартады.

6. Көрсетілетін қызметті беруші баяннattyң қабылдаған сәттен бастап уәкілетті органның басшысы баяннatty орындау үшін тұрғын үй комиссиясының хатшысына жолдайды.

7. Тұрғын үй комиссиясының хатшысы ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамасына сәйкестігін қарайды және қоса берілген құжаттармен бірге көрсетілетін қызметті алушының баяннattyң тұрғын үй комиссиясы отырысының қарауына шығарады.

8. Тұрғын үй комиссиясы ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамасына сәйкестігін қарайды және көрсетілетін қызметті алушының баяннattyң қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою не есепке қоюдан бас тарту туралы хаттамалық шешім қабылдайды.

9. Тұрғын үй комиссиясы хаттамалық шешім қабылдағаннан кейін тұрғын үй комиссиясының хатшысы Тізбенің 6-тармағында айқындалған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту Тізбенің 10-тармағына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 73-бабының 1-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

10. Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жолданады. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тындау нәтижесі бойынша тұрғын үй комиссиясы көрсетілетін қызметті алушыны қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою туралы не есепке қоюдан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта өтініш жасай алады.

11. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеудің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына және көрсетілетін қызметті берушіге бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жолдайды.

3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) қарайды.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушігে және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

13. Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 4-тармағына сәйкес әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамауға құқылышы.


14. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

16. Егер занда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
қызметтік тұрғын үйге мұқтаж
әскери қызметшілерін
есепке қою" мемлекеттік
қызметтің көрсету
қағидаларына
1-косымша

Нысан



Берегей номер
Уникальный номер
Алу күні мен уақыты
Дата и время получения
— 20 —

№ _____ "Тіркеу нөмірі" _____ "Баянат берілген күні"

_____ гарнизоны
(атауы)
тұрғын үй комиссиясының
төрагасына
_____ мекенжайы
бойынша тұратын
әскери қызметші

_____ (көрсетілетін қызметті
алушының

әскери атағы, тегі, аты, әкесінің
аты (болған кезде)


_____ (мемлекеттік мекеменің
(әскери бөлімнің) атауы)

Баянат

Сізден мені және менің отбасымның мүшелерін (отбасы құрамының өзгеруіне байланысты) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101-2-бабында көзделген тұрғын үйге өз құқығымды іске асыру үшін _____

_____ гарнизоны бойынша қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қоюынызды сұраймын.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйеде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.



"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
қызметтік тұрғын үйге мұқтаж
әскери қызметшілерін
есепке қою" мемлекеттік
қызметтің көрсету
қағидаларына
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	"Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметтік тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілерін есепке қою"
2.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің аудандық пайдалану бөлімдері
3.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	www.gov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Күнтізбелік 30 (отыз) күн
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша есепке қою күнін және кезектің реттік нөмірін көрсетумен қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою туралы анықтама не Қағидаларға 4-қосымшага сәйкес нысан бойынша қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қоюдан бас тарту туралы анықтама беру
7.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан	Тегін

	Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	
8.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмaga дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін.</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде баянаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады)</p>
		<p>1) мемлекеттік мекеменің кадр белімшесі (жасақтау бөлімшесі) берген отбасы құрамы және өтеусіз жекешелендіру құқығының орнына өтемакы алу туралы мәліметтер көрсетілген қызмет орнынан анықтаманың электрондық көшірмесі;</p> <p>2) баянат тіркелген күнге дейін күнтізбелік он күн ішінде алынған мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында орналастырылған жалдаушы бойынша ақпараттың электрондық көшірмесі (көрсетілетін қызметті алушыда және оның отбасы мүшелерінде осы елді мекенде тұрақты пайдалануда мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйдің болуы немесе болмауы туралы);</p> <p>3) жұбайы (зайыбы) мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік кәсіпорынның қызметкері болып табылған жағдайда баянат тіркелген күнге дейін бір ай ішінде алынған мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу туралы мәліметтері бар көрсетілетін қызметті алушы</p>

9.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін
көрсетілетін қызметті алушыдан
талап етілетін құжаттар мен
мәліметтер тізбесі

жұбайының (зайыбының) жұмыс
орнынан анықтамаың
электрондық көшірмесі;

4) егер көрсетілетін қызметті
алушыға тұрғын үй берілген
жағдайда бұрынғы қызмет орны
бойынша қызметтік тұрғын үйді
тапсырғаны туралы анықтамаың
электрондық көшірмесі;

5) отбасы тұратын тұрғын үй
белгіленген
санитариялық-эпидемиологиялық
талаптарға сәйкес келмейтін
жағдайларда көрсетілетін
қызметті алушы
санитариялық-эпидемиологиялық
қызмет ұйымы жүргізген
санитариялық-эпидемиологиялық
сараптама нәтижесі бойынша
х а л ы қ т ы ң
санитариялық-эпидемиологиялық
салуаттылығы саласындағы
үәкілетті органның аумақтық
бөлімшесі берген
санитариялық-эпидемиологиялық
корытындының электрондық
көшірмесін қосымша ұсынады;

6) отбасы тұратын тұрғын үй
белгіленген техникалық
талаптарға сәйкес келмейтін
жағдайда көрсетілетін қызметті
алушы сәulet, қала құрылышы
және құрылыш қызметі
саласындағы аттестатталған
сарапшының техникалық
корытындысының (тұрғын үйді
техникалық тексеру нәтижесі
бойынша) электрондық
көшірмесін қосымша ұсынады;

7) жапсарлас, оқшауланбаған
тұрғын үй-жайларда екі және одан
көп отбасы тұрып жатқан
жағдайларда көрсетілетін
қызметті алушы өзі тұратын
тұрғын үй-жайға техникалық
паспорттың (бар болған кезде)
және құқық белгілейтін құжаттың
электрондық көшірмесін қосымша
ұсынады (тиісті мемлекеттік
ақпараттық жүйеде мәліметтер
болмаган кезде);

8) егер көрсетілетін қызметті
алушы тұрғын үй жағдайларын
жақсарту қажеттілігіне

байланысты оны тұрғын үйге мұқтаж деп тану туралы баянат берген жағдайда тұратын тұрғын үйдің алаңын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

9) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 ақпандығы № 49 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерді қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларының 44-тармағында көзделген жағдайларда тұрғын үй төлемдерін пайдалануды растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Жеке басын куәландыратын құжаттардың, некеге тұру немесе оны бұзу, балалардың тузы туралы күәліктің, өздеріне меншік құқығында тиесілі тұрғын үйдің (Қазақстан Республикасы бойынша) болуы немесе болмауы туралы анықтаманың, отбасында он сегіз жасқа толмаган мүгедек бала болған кезде халықтың әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінен мүгедектік туралы анықтаманың, Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандығы № ҚР ДСМ-14 бұйрығымен бекітілген Кейбір созылмалы аурулардың ауыр нысандарының тізімінде атап көрсетілген аурулармен ауыратын отбасы мүшелері болған кезде денсаулық сактау ұйымынан анықтаманың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге барлық отбасы мүшелеріне тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы ұсынылады.

1) көрсетіletіn қыzmettі alushy мемлекеттіk көrsetіletіn қыzmettі alu үshіn ұsyнғan құjattardың

10.	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p> <p>және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) нақты еместігін анықтау;</p> <p>2) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектелген дербес деректерге қолжетімділікке келіспеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдың, объектілердің, деректер мен мәліметтің "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101-3-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі</p>
11.	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы мемлекеттік қызметті көрсету белгісі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған телефон арқылы алуға болады</p>

"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
қызметтік тұрғын
үйге мұқтаж әскери
қызметшілерін есепке қою"
мемлекеттік қызметтің
көрсету қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**гарнизонында қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою
туралы анықтама**

Әскери қызметші _____

—, (көрсетілетін қызметті алушының әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

ол және оның отбасы мүшелері _____ бойынша _____

(гарнизонның атауы) (кезектегі нөмірі)

болып қызметтік тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрғаны туралы берілді:

1) _____

—; (туыстық дәрежесі, көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

2) _____

—; (туыстық дәрежесі, көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

3) _____

—; (туыстық дәрежесі, көрсетілетін қызметті алушы отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде))

4)....

Тұрғын үй комиссиясының 20 ____ жылғы "____" ____ № ____ хаттамасымен
әскери қызметші _____ және оның отбасы
мүшелері

(тегі және аты-жөні)

_____ бастап тұрғын үйге мұқтаж деп танылды.

(күні, айы, жылы)

Анықтама талап етілетін орны бойынша ұсыну үшін берілді.


Анықтама берілген күні _____ "Берілген күні".

Анықтама жарамды: мерзімсіз.

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ____ "Орындаушының Т.А.Ә. (болған кезде)".


Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.



"Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің
қызметтік тұргын
үйге мұқтаж әскери
қызметшілерін есепке қою"
мемлекеттік қызметтін
көрсету қағидаларына
4-қосымша

Нысан



Берегей номер
Уникальный номер
10100005854446
Алу күні мен уақыты
Дата и время получения
— . .20 —

Тегі, аты, әкесінің аты
(болған кезде)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

_____ гарнизонында қызметтік тұргын үйге мұқтаждар есебіне қоюдан бас
тарту туралы анықтама

"Тұргын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ____ бабы
____ тармағының ____ тармақшасын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік қызмет
көрсетуден бас тартады _____.

(мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне сәйкес
мемлекеттік көрсетіletіn қызметтің атауын көрсету)


Анықтама берілген күні _____ "Берілген күні".

Анықтама жарамды: мерзімсіз.

Көрсетіletіn қызметті берушінің атауы: ____ "Орындаушының Т.А.Ә. (болған кезде)".

Деректер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесінен ұсынылды.

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК